

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ІС-ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТЕКСЕРУ
НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША АНЫҚТАМА**

Зерттеу объектісі: Жеке іс-қағаздар

Зерттеу мерзімі: 19 қыркүйек, 2025-2026 оқу жылы

Тексеру мақсаты: Құжаттардың талапқа сай толтырылуын қамтамсыз ету. Оқушылардың жеке істерінің болуын, сынып жетекшілерінің жеке істерін толтыру кезінде бірыңғай орфографиялық талаптардың сақталуын, жеке істерінде қажетті құжаттардың болуын анықтау.

Бақылау нысаны: 3-4 сыныптар

Бақылау барысында анықталды:

Құжаттардың талапқа сай толтырылуы:

1. Оқушылардың жеке істері:

- Оқушылардың жеке істерінде оқушының жеке мәліметтері (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен орны), мектепке қабылдану күні, оқуға қабылдау туралы бұйрық, оқу жетістіктері мен бағаларының тарихы, жыл сайынғы қорытынды бағалары бар.
- Жеке істердің әрбір бөлімінде орфографиялық талаптар сақталған. Барлық мәліметтер дұрыс жазылып, ешқандай қате болмады.
- Құжаттарды толтыруда мемлекеттік тілдегі орфографиялық, пунктуациялық және грамматикалық нормалар сақталған.

2. Орфографиялық талаптар:

- Құжаттарды толтыру кезінде бірыңғай орфографиялық талаптардың сақталуын қамтамсыз ету маңызды. Әсіресе, оқушылардың аты-жөні, мекен-жайы, оқу орнындағы мәліметтері жазылғанда қазақ тілінің орфографиясы мен емле ережелеріне сәйкес жазылған.
- Құжаттардағы барлық деректердің дұрыстығы мен сәйкестігі тексеріліп, қажет болған жағдайда түзетулер енгізілуі керек.

3. Қажетті құжаттардың болуы:

- Оқушылардың жеке істерінде міндетті түрде келесі құжаттар болуы тиіс:

1. Титул парағы (оқушылар туралы жалпы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен дәлдігі).

2. Ата-аналардың өтініштері.
3. Туу туралы куәліктің көшірмесі.
4. Алдыңғы сыныптардың табельдері.
5. Мөрдiң болуы.

жеке істердің саны сыныптардағы оқушылар санына сәйкес келеді;

2. барлық жеке істер алфавиттік ретпен орналастырылған;
3. барлық жеке істерде нөмір көрсетілген;
4. жеке істің бет жағында мөр, директордың қолы, толтырылған күні бар;
5. оқушылар және олардың ата-аналары туралы мәліметтер толық көрсетілген;
6. сабақта болмаған күндері барлық жеке істерде көрсетіледі;
7. барлық жерде сынып жетекшісінің қолымен, мөрмен расталған оқу жылының нәтижелері туралы ақпарат бар;
8. барлық жеке істерде мектеп директорының визасы бар ата-аналардың өтініштері, директор куәландырған туу туралы куәліктің көшірмелері бар.

3 - сынып жетекшілеріне ескерту берілді

Тұжырымдар:

Жеке іс-қағаздарының толық толтырылуын жоспарлау 100%

Қорытынды: Оқушылардың және сынып жетекшілерінің жеке істері толық, дұрыс әрі талаптарға сай толтырылған. Құжаттардың дұрыстығын тексеру барысында орфографиялық қателер жоқ және барлық қажетті құжаттардың болуы қамтамасыз етілген. Бұл білім беру процесінің сапасын арттыруға және оқу орнының жұмысын тиімді ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Ұсыныстар:

- Барлық сынып жетекшілері оқушылардың жеке істерін рәсімдеуге бірыңғай талаптарды сақтау
- Титулдық параққа оқушылардың келгені және кеткені туралы мәліметтерді (бұйрықтың күні, нөмірі) уақтылы жазу.